

егемен

Казакстан

Съезд саябақта қорытындыланды

Амфитеатрдың сахнасында К.Байсейітова атындағы Ұлттық опера және балет театры мен балалар хорының әншілері орналасыпты. Олардың алдында Астана филармониясының ұлт-аспаптар ансамблі отырды. Қонақтар жиналғанша оркестр қазақтың құйқылжыған күйлерін төгілтті. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев бастаған Үкімет мүшелері келіп отырған соң, Съездің жабылу салтанаты басталып, ол Түркештің “Көңілашар” күйімен ашылды.

Алдымен Съезге қатысушылар әлем жұртшылығына арнаған өздерінің үндеуін қабылдады. Оның мәтінін жүргізушілер оқып берді. Сондай-ақ IV Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезін 2012 жылы Астанада өткізу туралы шешім бекітілді. Үндеу бірауыздан қабылданған соң жүргізуші сөзді Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа берді. Жиналған халықтың қызу қол соғуымен мінберге көтерілген Президент қысқаша сөз сөйледі. Алқалы жиындағы пікірсайыстар Астанаға жиналған барлық рухани көшбасшылардың үнқатысуға дайындығы мен жоғары мүдделілігін тағы бір рет айқындап берді, деді Президент. Келесі кезекте Қазақстан басшысы Съезд делегаттарының сөйлеген сөздерінде алуантүрлі ғаламшардың тағдырына ортақ алаңдаушылық білдіру және әртүрлі дін өкілдері арасындағы келісім мен өзара түсіністікті нығайту жолын іздестіруге деген ұмтылыстың зор екенін атап өтті. Одан әрі Елбасы форумға қатысушылардың діннің бейбітшілік пен келісімді, төзімділік пен өзара түсіністікті сақтаудағы, қоғамның адамгершілік негіздерін нығайтудағы маңызды рөлі туралы айтқанын еске алды. Оның рөлі қазіргі әлемдік дағдарыстың кезеңінде барынша күшейе түсуде. Сондықтан да рухани бастауларды дағдарыстан кейінгі әлемді құрудағы басты тетіктердің бірі деңгейіне көтеру қажет, деді Президент.

Сонымен бірге Мемлекет басшысы III Съездің қорытындылары өркениеттер, мәдениеттер мен діндер арасындағы үнқатысуды ілгерілетуде өте маңызды сындарлы және тәжірибелік рөл атқаратынына сенім білдірді. Олар адамдарды жақындастырып, әлемдегі дінаралық өзара түсіністікті нығайта түсетіні сөзсіз, дей келіп, мәдениетаралық және дінаралық ашық үнқатысу Қазақстанның ішкі және сыртқы саясатының маңызды мәселелерінің бірі болып табылатынын атап көрсетті. Сөзінің соңында Президент Съезге қатысушылардың барлығына бейбітшілік пен келісім, ұғыныстық пен түсіністік, бақыт пен игілік тіледі.

Президент Н.Назарбаевтың сөзінен кейін Съезге қатысушылар атынан Әл-Азхар Жоғарғы имамы шейх Мұхаммад Саид Тантауи жауап сөз сөйледі. Ол Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа әлемдегі тыныштық пен бейбітшілікті орнатуға күш салып, сол үшін түрлі діндер басшыларын бір үстелдің басына жиып, ымырашылдықпен пікір алмастыруға мүмкіндік туғызғаны, сөйтіп, адамзат болашағының бейбіт өмірде болуын қалап жасаған игілікті қадамдары үшін бәрінің атынан алғыс айтып, Сіздің ісіңізді Алла тағала әманда қолдасын деген тілек білдірді.

Осыдан кейін сахнаға шыққан бүлдіршіндер қолдарындағы бейбітшіліктің символы болып танылған ақ көгершіндерін аспанға ұшырды. Бұл қазақ астанасынан бейбітшілік үнін әлемнің барлық түкпіріне алып барыңдар деген ишара еді. Көгершіндер ұшып жатқанда хор “Ақ көгершін” әнін орындап тұрды.

Ақ тілектің растығының айғағы шығар, топ болып ұшқан көгершіндер алаңды қимағандай үш рет айналып келіп, алыс сапарға жол тартты. Осы кезде сахнаның сыртынан түрлі-түсті жүздеген шарлар да аспанға ұшырылды. Алланың жіберген ақ самалы оның бәрін Ақорданың төбесіне қарай алып ұшты.

Сонымен, екі күнге созылған әлемдегі ең бейбіт форумдардың бірі аяқталды.

Жабылу салтанатынан соң құрметті қонақтарға “Редиссон” қонақ үйінде Парламент Сенатының Төрағасы – Съезд Хатшылығының басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың атынан қонақасы берілді.

Жақсыбай Самрат